

Қостанай облысы әкімдігі білім баскармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны арасындағы ынтымақтастық

МЕМОРАНДУМ

Қостанай облысы әкімдігі білім баскармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ атынан басшысы Ергазина Айзат Жумағалиевна бір тараптан және Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы директоры Сағадиев Улан Болатович екінші тарапынан (бұдан әрі тараптар), тараптардың өзара мүдделігін негізге ала отырып ғылыми, шығармашылық байланыстарды нығайту мақсатында өзара ынтымақтастық Меморандумға қол қойды. Тараптар келесі бағыттарда бірлесіп өз ара ынтымақтастыққа қолайлы жағдай жасауға келісті:

1. Келісім шарттың мәні:

1.1. Осы шарт тараптардың мектеп пен музейдің бірлескен қызметін ұйымдастырудағы құқықтары мен міндеттерін реттейді.

1.2. Мектептегі оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен дарындылығын дамыту, мәдени деңгейін арттыру, оқу мақсатында және балалардың ой-өрісін дамыту мақсатында экскурсиялар, конференциялар, семинарлар өткізуді көздейді. Музейде сақталған Ұлы Абай Құнанбайұлының өлшеусіз еңбектері мен кейінгі ұрпаққа қалдырған бай мұраларын насихаттау, зерделеу мақсатында бірлесіп жұмыс жүргізу.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1 Мектеп міндеттері:

2.1.1. Оқушыларды бірлестікке тартуға жәрдемдесу, музей өткізетін іс – шараларға қызығушылықтарын арттыру, белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

2.1.2 Ашық есік күнін өткізуге музей қызметкерлерін тарту. Соңғы мектеп коңырауы мерекелерінің, бітіру кештерінің және мектепте басқа да мерекелер мен іс-шаралардың салтанатты бөлігін музеймен байланыстыра өткізуді қамтамасыз ету.

2.1.3 Семинарларға қатысу үшін мектептің педагогикалық ұжымын тарту, оқушылар мен мұғалімдерге арналған музей өткізетін конференциялар, тренингтер, қоғамдық экскурсияларға қатыстыру.

2.1.4 Мектеп балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті өз мойнына алады, мектептен музейге дейін және кері қайтады, балаларды экскурсияға апарды және экскурсия басталатын жерге қайтарады (жылына 1 рет).

2.2 Мектеп құқылы:

2.2.1 Музей дирекциясының жұмысына, ғылыми кеңестің және ғылыми-әдістемелік кеңестік отырыстарына қатысу, онда жұмыстың педагогикалық бағытына байланысты мәселелер қаралады.

2.2.2 Мектеп пен музейдің бірлескен жұмысының тиімділігін арттыру, жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын енгізу.

2.3 Музей міндеттеме алады:

2.3.1 Ашық есік күндерін өткізуге қатысу, соңғы мектеп қоңырауының мерекелері, бітіру кештері, педагогикалық кеңестердің жұмысы және мектептің шақыруы бойынша мектеп өткізетін басқа да мерекелер мен іс-шараларға қатысу.

2.3.3 Музей білім алушылар мен түрлі іс-шараларға қатысушылардың жетістіктері туралы мектепті уақытылы хабардар ету.

2.3.4 Қажет болған жағдайда және мектептің өтінімі бойынша мектеп және музей базасында оқушылар мен педагогтардың жалпы білім деңгейіне мәдениетті арттыруға бағытталған тегін және ақылы негізде (уағдаластық бойынша) арнайы дәрістер, экскурсиялар, іс-шаралар өткізу.

2.4 Музей құқылы:

2.4.1 Музейдің әдіскерлері мен ғылыми қызметкерлерін мектеппен келісе отырып, ашық сабақтарға қатысуға, педагогикалық кеңестердің жұмысына, мектеп өткізетін түрлі семинарлар мен конференцияларға қатысуға жолдау (мұндай мәселе музей мен мектептің бірлескен қызметіне қатысты).

2.4.2 Мектеп мұғалімдеріне жаппай сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларды өткізуде әдістемелік көмек көрсету, қажет болған жағдайда, тарих, филология, мәдениеттану, өнер, музейтану және басқа да білім салалары, музейге бейіндік пәндер бойынша біліктілікті арттыруға қатысты мәселелер бойынша педагогтерге кеңес беру.

3. Қолданылу шарттары

3.1. Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша, оның ажырамас бөлігі болатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және олар тиісті түрде рәсімделуі және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қою керек.

3.2 Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл ішінде қолданылады.

3.3 Келісім қазақ тілінде екі тарап үшін бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды.

4. Тараптардың қолдары:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Абай облысы, Семей қ. Қайым Мұхамедханов көш. 29 үй. БСН 980440001649 Тел: 87222-32-17-01 e-mail: abai-museum@mail.ru Директор: Сагадиев У.Б. Күні «<u>28</u>» <u>03</u> 2025ж. 	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қостанай облысы, Рудный қаласы Комсомол даңғылы, 15 ғим. БСН 000640001366 Тел: 871431-7-34-94 e-mail: abai18mektep@mail.ru Директор: Ерғазина А.Ж.  Күні «<u>28</u>» <u>03</u> 2025ж. 
---	--